

ҮЛГІЛІК ШАРТ №
Заң көмегі қызметін көрсету туралы

Ақтау қаласы

«__» _____ 2024 ж.

басшысы Тегі, Аты, Әкесінің аты тұлғасында **ЖШС/ЖК**
«Атауы» _____, ЖК № _____ жылғы Жарғы/Талонның негізінде
әрекет ететін, Маңғыстау облысының заң консультанттары палатасының заң консультанты, № тізілім
нөмірі, 00.00.0000 жылғы тізілімнен үзінді, , бұдан әрі **«Заңгер»** деп аталатын **бір тараптан**,
және БСН/ЖСН _____, (_____ тұлғасында),
_____ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі **«Клиент»** деп аталатын _____, екінші
тараптан, төмендегілер бойынша осы заң көмегі қызметін көрсету туралы Шартты (әрі қарай – «Шарт») жасасты.

1. Шарттың мәні

1.1. Клиент заң көмегі қызметін алуға ақы төлеугеміндеттенеді, ал Заңгер Клиентке азаматтық іс бойынша кәсіби және сапалы заң көмегін көрсетеді: (клиенттің іс жүргізу мәртебесін көрсете отырып, істің мән-жайын қысқаша сипаттау) _____.

1.2. Заңгер Клиентке заң көмегі қызметін көрсету кезінде келесі қызметтерді көрсетеді:

1.2.1. Клиенттің ісі бойынша құжаттарды жинау және зерделеу, қорытынды беру, кеңес беру, шағымдарды, заң кеңесшісінің сұрауларын жазу;

1.2.2. бірінші сатыдағы сотқа талап (қарсылық, кері қайтарып алу) дайындау, бірінші сатыдағы сотта өзге де сот құжаттарды (өтініш, өтінішхат) жасау;

1.2.3. татуластыру рәсімдері мен сот дайындығына қатысу;

1.2.4. бірінші сатыдағы сотта өкілдік ету;

1.2.5. апелляциялық сатыдағы сотқа арналған құжаттарды дайындау (қажеттілік туындаған жағдайда);

1.2.6. апелляциялық сатыға қатысу (қажеттілік туындаған жағдайда).

1.3. Өзге заң көмегі қызметтерін ұсыну, сол сияқты Заңгердің кассациялық сотқа қатысуы қажет болған жағдайда Тараптар осы Шартқа қосымша келісім жасайды.

1.4. Осы Шарт бойынша заң көмегі қызметі, Клиентпен заңды күшіне енген құқықтық шешімі бар қорытынды құжатты (сот актілерін) алған күннен бастап, немесе Заңгер мен Клиент арасында орындалған жұмыстар актісіне қол қойған кезде толық аяқталған болып есептеледі.

2. Заңгердің міндеттері

2.1. Заңгер заң консультантының кәсіби әдеп қағидаларын сақтауға, осы Шарттың шеңберінде белгіленген барлық мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде білімін, тәжірибесін және рұқсаттарды пайдалануға міндеттенеді.

2.2. Клиенттің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде Заңгер қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады.

2.3. Заңгер осы Шартты жасасқан күні қолданыстағы кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру шартына ие болуға міндетті. Клиенттің жазбаша өтініші бойынша Заңгер Клиентке кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесін ұсынуға міндетті.

2.4. Заңгер Клиенттің тапсырмасын тиісінше орындау үшін барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін жұмсауға міндеттенеді, бірақ бұл ретте Заңгер Клиент сенетін немесе үміттенетін нәтижені Клиентке алуға кепілдік бере алмайды.

2.5. Шарт жасасу кезінде, Клиент сұранысы бойынша, Заңгер Клиентке осы шартқа қол қойылған күнге қатысты Палатаның тізілімінен үзінді көшірмені ұсынуға міндетті.

2.6. Клиент сұранысы бойынша Заң көмегі қызметін көрсету аяқталғаннан кейін Заңгер Клиентке шарттың барлық қолданылу кезеңінде атқарылған жұмыс туралы есеп беруге міндеттенеді. Егер оларды Заңгер Клиенттің мүддесі үшін алған болса, қажет болған жағдайда есепке заңды күшіне енген құқықтық құжаттардың түпнұсқалары немесе көшірмелері қоса беріледі.

2.7. Заңгерге Клиентпен мүдделер қақтығысы болуына тыйым салынады. Бұл шарт бұрын Заңгер Клиенттің контрагентіне осы Шарт бойынша тапсырмаға байланысты құқықтық көмек көрсеткенін немесе бұрын қабылданған іспен тікелей немесе жанама түрде байланысты болғанын білдіреді. Мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, Заңгер Клиентке дереу хабарлауға, осы Шартты бұзуға және Клиенттен алынған соманы қайтаруға міндетті.

3. Клиенттің міндеттері

3.1. Клиент міндеттенеді:

а) сотта және соттан тыс рәсімдерде өкілдік етуге сенімхатты қоса алғанда, осы Шартта көзделген тапсырмаларды орындау үшін Заңгерді барлық қажетті құжаттармен және дұрыс және шынайы ақпараттармен мәліметтермен уақтылы қамтамасыз етуге;

б) осы Шарттың талаптарына сәйкес Заңгердің қызметтеріне уақтылы ақы төлеуге;

в) тапсырылған іс бойынша басқа заңгерлерге (адвокаттарға) Заңгермен алдын ала жазбаша келісімінсіз жүгінбеуге;

г) 5 (бес) жұмыс күні ішінде атқарылған жұмыс туралы Заңгердің есебін қабылдауға. Заңгердің жұмысына негізделген шағымдар болмаған жағдайда, Клиент атқарылған жұмыс туралы есепке қол қоюға міндетті. Заңгерге шағым беру мерзімі аяқталғаннан кейін, сондай-ақ Клиент қол қоймаған жағдайда, атқарылған жұмыс туралы есеп қабылданды деп есептеледі. Атқарылған жұмыс туралы есеп Шарттың барлық қолданылу кезеңінде жасалады және Клиентке көрсетілген барлық заң қызметтерін қамтиды.

3.2. Осы Шартқа қол қойған Клиент Заңгерге дербес деректерді өңдеуге келісім береді.

3.3. Клиент Заңгер істі сотта қарау нәтижесіне кепілдік бере алмайтындығымен келіседі, осыған байланысты Клиент Заңгер осы Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындаған жағдайда сот процесі аяқталғаннан кейін Заңгерге талап қоймауға міндеттенеді.

4. Төлем және есеп айырысу тәртібі

4.1. Осы шарттың сомасы **000 000 (жазумен мың) теңгені** құрайды.

4.2. Клиент Шарт сомасын келесі сомаларда (кезең-кезеңмен) төлейді:

- Шарттың 1.2.1. тармағы бойынша – **000 000 (жазумен мың) теңге**;
- Шарттың 1.2.2. тармағы бойынша – **000 000 (жазумен мың) теңге**;
- Шарттың 1.2.3. тармағы бойынша – **0 теңге**;
- Шарттың 1.2.4. тармағы бойынша – **000 000,00 (жазумен мың) теңге**;
- Шарттың 1.2.5. тармағы бойынша – **000 000 (жазумен мың) теңге**;
- Шарттың 1.2.6. тармағы бойынша – **000 000,00 (жазумен мың) теңге**.

4.3. Клиент алдын ала төлем ретінде 1.2.1-тармақ бойынша соманы осы шартқа қол қойылған сәттен бастап 5 бес банктік күн ішінде толығымен төлейді. Аталған өзге де қызметтерге ақы төлеу Клиент Заңгердің құқықтық іс-әрекеттер жасауы туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 3 банктік күн ішінде жүргізіледі.

4.4. Клиенттің тапсырмасына байланысты мәселелер бойынша Заңгерді қызметтік іссапарға жіберу қажет болған жағдайда, барлық іссапар шығыстарын клиент нақты шығындар бойынша сыйақы сомасынан тыс, бірақ ҚР салық заңнамасында көзделген нормалардан аспайтын мөлшерде төлейді. 4.5. Заңгермен осы Шарттың 1 бөліміндегі қызметтерінің мүлдем көрсетілмеген немесе аталған заңдық қызметтің ішінара көрсетілген жағдайда Клиентке Шарт сомасының барлығын немесе бір бөлігін қайтаруға міндетті. Клиентке қайтарылуға жататын соманың мөлшерін осы Шарттың 1 бөліміне сәйкес тараптар еркін нысанда жазбаша түрде келісуге тиіс.

5. Тараптардың жауапкершілігі.

5.1. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің сапасы мен уақтылы орындалуына жауапты болады.

5.2. Заңгер орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен уақтылығына жауап береді. Клиентке Заңгердің кінәсінен залал келтірілген жағдайда, Заңгер туындаған барлық шығындарды, оның ішінде сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы есебінен өтеуге міндеттенеді.

5.3. Жұмыстарды орындау үшін дұрыс емес, жалған, немесе толық емес ақпарат берілген жағдайда, нәтижесінде Клиенттің тапсырмасы орындалмаса, Клиент Заңгерге 30 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді және оның салдарына заң алдында жеке жауапты болады.

5.4. Заңгер Клиент алдында келесі жағдайларда жауап береді:

- құжаттарды дұрыс рәсімдемеу;
- заң қызметі көмегін көрсету шеңберінде Клиенттен Заңгер алған құжаттардың түпнұсқаларын жоғалту немесе бүлдіру;
- процессуалдық мерзімдерді өткізіп жіберу;
- Заңгерге Клиенттің мүддесі үшін заң көмегін көрсету процесінде белгілі болған құпия мәліметтерді заңсыз жария ету;

Заңгер жауапкершілігінің мөлшері Шарттың осы тармағын бұзған әрбір жағдай үшін 10 АЕК-тен кем болмауы және 50 АЕК-тен аспауы тиіс.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Осы Шарт Клиенттің қызмет көрсету үшін қажетті барлық құжаттарға қол қойған және ұсынған, сондай-ақ Клиенттің қызметтерге ақы төлеген күнінен бастап күшіне енеді. Шарт Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

6.2. Шарт шеңберінде Тараптар алған кез келген ақпарат құпия болып табылады. Осы Шартты орындау барысында мәліметтерді алған Тарап оларды үшінші тұлғаларға беруге кедергі келтіретін оларды пайдаланудың осындай режимін жасау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті. Алушы тарап Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған сәттен бастап 3 жыл ішінде ақпаратты жария етуге құқылы емес. Осы баптың міндеттемелерін бұзған алушы Тарап екінші Тарапқа 300 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Көрсетілген айыппұл сомасынан тыс мәліметтерді жария ету салдарынан Шарттың екінші тарапынан келтірілген залалдар да құқық бұзушыдан өндіріп алынуы мүмкін.

6.3. Осы Шарт бойынша даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар дауды сотқа дейінгі реттеу жөнінде шаралар қолдануға міндеттенеді. Бір Тараптың екінші Тарапқа сотқа дейінгі жазбаша талап қоюы міндетті болып табылады. Шағымды қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен кем болмауы тиіс. Дау сотқа дейінгі тәртіппен реттелмеген жағдайда, дау қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен сот органдарының қарауына беріледі.

6.4. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар екі тарап қол қойған және мөрмен бекітілген жағдайда заңды күшіне енеді.

5. Тараптардың деректемелері мен қолдары

ЗАҢҒЕР	КЛИЕНТ
«Атауы» ЖШС/ЖК БИН/ИИН 0000000000000 Банк "Банктің атауы" АҚ ЖСК KZ000 00000 00000 00000 БСК Мекен-жайы: Тел. +7 7	ТАӘ/атауы БСН/ЖСН Мекен-жайы: Тел. ЖСК Банк БСК
Тегі, аты-жөні ҚОЛЫ	Тегі, аты-жөні ҚОЛЫ

Ескерту:

1. Шарттардың келесі нөмірленуін қолдану ұсынылады:

- бірінші бөлім - Палатадағы Заңгердің тізілім нөмірі (мысалы, 007);

- екінші бөлім – Шартқа қол қойылған жыл (мысалы, 25);

- үшінші бөлім - реттік нөмір (мысалы, 01)

Нәтижесінде шарттың нөмірі келесідей болады: № 007-25-01

2. Үлгілік шарт Клиенттерді сот арқылы қорғау бойынша, сондай-ақ Клиенттерді соттан тыс немесе сотқа дейінгі қорғау бойынша заң көмегін көрсеткен жағдайда жасалады. Құқықтық кеңес беру түрінде заң көмегін көрсеткен жағдайда Үлгілік шарт жасалмайды.

Құжаттардың түпнұсқаларын қабылдау беру актісі

-
-
-
-
-
-
-
-
-
-
-
-

Тапсырды:

ТАӘ

күні _____

Қабылдап алды:

Тегі, аты-жөні

күні _____